

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ЗИРАТТЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҰСТАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ И СОДЕРЖАНИЕ КЛАДБИЩ

ҚР ЕЖ 3.02-141-2014

СП РК 3.02-141-2014

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Стройпроект» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Стройпроект»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
5 ЗИРАТТЫҢ ЖОБАЛАУ ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ	4
6 ЗИРАТТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТЕЛІМІН ТАҢДАУ	4
7 ЗИРАТ АУМАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АЙМАҚТАНДЫРУ	6
8 ЗИРАТТАРДЫҢ ТЫҒЫЗДЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	7
9 ЗИРАТТАРДЫҢ ЖОЛ ЖЕЛІСІ	7
10 ЗИРАТТАРДЫҢ АУМАҒЫН КӨГАЛДАНДЫРУ	8
11 ЗИРАТТАРДЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУҒАРҒЫШ СУ ҚҰБЫРЫ	9
13 ЗИРАТТАРДЫ ҚОРШАУ	10
14 ХАЛЫҚҚА САЛТ (ЖЕРЛЕУ) ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ	10
15 ЗИРАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҰСТАУ.....	11
15.1 Жалпы ережелер	11
15.2 Зират құрылғысы	13
15.3 Зираттарды ұстау	14
15.4 Еңбекті көп қажетсінетін жұмыстардың механикаландыру бойынша ұсынымдар ..	15
16 ЗИРАТТАРДЫ ЖАБУ ТӘРТІБІ	16
А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Зираттардың аумақтарын көгалдандыруға арналған ағашты-бұталы және гүлді өсімдіктердің сұрыпталымы	17
Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Халыққа салттық (жерлеу) қызметтерін көрсетумен айналысатын арнайы кәсіпорындардың ұсына-тын қызметтерінің тізбесі.....	19
В ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Салттық (жерлеу) қызмет агентінің мін-деттері.....	20
Г ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Бейіттерді тіркеу кітабының нысаны	21
Д ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Жерлеу туралы куәлік нысаны	22
Е ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Еуропалық одақ зираттарындағы қабір телімдерінің типтері	23
Ж ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Еуропалық одақтың зираттық заңнама-сының негізгі ережелерінің сұлбасы	24
БИБЛИОГРАФИЯ.....	25

КІРІСПЕ

Аталған ҚР «Зираттарды жобалау және ұстау» ЕЖ ұсынымды сипатқа ие және іс жүзінде құралған және қолданыстағы заңмен шартталған зираттарды жобалау және ұстауда еркін қолдануды анықтайды.

ҚР «Зираттарды жобалау және ұстау» Жинағында Қазақстан Республикасының «Ғимарат пен құрылыстар, құрылыс материалдары мен бұйымдардың техникалық қауіпсіздігінің талаптары» сәйкес жобалауға бұрмаланатын учаске таңдау бойынша шешімдерінің әдістері келтірілген. Жинақтың негізгі тағайындаулары болып қажетті және жеткілікті қайнар көздері, саны, сапасы мен бұрмалануы туралы ақпаратты жобалау мен ұйымдастыру, жалпы ережелер мен талаптарын, құрамын, енін, жердің сызығын анықтайтын нормативтік-техникалық құжатты әзірлеу табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЗИРАТТЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҰСТАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ И СОДЕРЖАНИЕ КЛАДБИЩ

Енгізілген күні - 2015–07–01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы жобалау қағидаттарын және зираттарды күтуге, жерлеу ісін, жерлеу рәсімін (адамның мүрдесін немесе күлін жерлеу рәсімін) ұйымдастыру, сондай-ақ жерлеу орындарын күту мен Қазақстан Республикасындағы жерлеу ісі мәселелері бойынша мамандандырылған қызметтер жұмысының тәртібіне қойылатын ұсыныстарды анықтайды. Ережелер жинағының әрекеті жерлеу ісінің аясындағы барлық мемлекеттік ұйымдарға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын жерлеу қызметтерінің саласында жұмыс істейтін өзге меншік нысандарының ұйымдарына, сондай-ақ жерлеу міндеттерін өзіне алған және халыққа жерлеу қызметтерін көрсетуге араласқан тұлғаларға таралады.

1.2 Осы ережелер жинағының талаптары, Қазақстан Республикасымен шарт жасалған жерлеу істері мәселелері бойынша халықаралық келісімдер ережелерінің талаптарына сай келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтары шетелде қайтыс болса, немесе шетел азаматтарының мүдделері қозғалса, халықаралық келісімдердің талаптарына сай қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелерді қолдану үшін келесі сілтемелі нормативтік құжаттар қажет:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасының 2003жылғы 20 маусымдағы № 442-ІІ Жер Кодексі.

ҚР ҚБЖ 1.04-05-2003 Халыққа жерлеу қызметтерін көрсетуді ұйымдастырудың мен елді-мекендерде зираттарды ұстаудың тәртібі, жобалау туралы ережесі.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 Қалақұрылысы. Қалалық және ауылдық елді-мекендерді жобалау мен салу.

Ескертпе - Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын қолданыстағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Берілген Ережелер жинағында келесі терминдер қолданылады [2-6]:

3.1 Жерлеу қызметінің агенті: Жерлеуді ұйымдастыру мен тапсырыс берушіні жерлеудің қажеттіліктерімен қамтамасыз ету бойынша қызметтерді ұсынатын арнайы жерлеу істері дүкені-салонының штаттағы қызметкері. Жерлеу қызметі агентінің міндеттерін осы құжаттарда белгіленген.

3.2 Зираттың (крематорияның) әкімшілік-шаруашылық аймағы: Әкімшілік-тұрмыстық ғимараты, гравирлеу шеберханасы, қазандық (зиратты көп мөлшерде өшіру немесе ЖЭО желілерінен крематорияны ағыту барысында), материалды және инвентарлы қоймалары орнатылатын зираттың аймағының бөлігі. Әкімшілік-шаруашылық аймақтары үшін бөлек кіретін жер қарастырылады.

3.3 Денені бальзамдау: Қайтыс болғанның денесін бұзылуы мен иісті жоюын ақырындату мақсатында арнайы құраммен өңдеу.

3.4 Зираттың (крематория) аймағына кіру: Зираттың азалы салтанатты шеру кіретін, келушілерге арналған кіретін жер, көлік тұрағы, гүлзарлық үңгіршік, зиратпен (крематориямен) жоспарының стенді және белгіленген тәртіппен оларды ұстау.

3.5 Жерлеу: Көмілген сүйек немесе күл.

3.6 Азалы азаматтық салттардың ғимараты: Сыртқы және ішкі рәсімдеуге сәйкес жобалау типтік жоба бойынша және қабылдау-тіркеу, салт пен рәсімдеу басшысының бөлмесі, вестибюль, күту залы, туыстарға арналған бөлмені, құрметті күзетті реттеу бөлмесі, салтқа дайындау бөлмесі, аза тұту залы, қызмет көрсету залы, гардероб, темекі шегу бөлмесі, реквизит пен техникалық бөлмелер (желдеткішті, электршитті, мұздатқыш орнатулардың бөлімі, мұздатқыш камерасы, арбаларды сақтауға арналған бөлме) салынатын салтты тағайындау ғимараты.

3.7 Жерлеу аймағы: Қайтыс болғандарды табытта немесе күл салынған сауытта сақтауды жүзеге асырылатын зират аймағының бөлігі.

3.8 Азалы салтанат аймағы: Азалы азаматтық салт (крематорий) немесе азалы салтанатты өткізуге арналған алаң ғимараты орналасатын зираттың аймағының бөлігі.

3.9 Кремация: Табытты қайтыс болғанның денесімен өртеу.

3.10 Кремуляторлы: Өртеуден кейінгі сүйектерін ұсатуға арналған кремулятор (шарлы диірмен).

3.11 Зират: Қайтыс болғандарды көму немесе олардың күлдерін өртеуден кейін сақтайтын орыннан (аймақ) тұратын қалақұрылысының кешені немесе нысаны.

3.12 **Колумбарияның мемориальды тақтасы:** Қайтыс болғанның аты, тегі мен әкесінің аты, туған күні мен қайтыс болған күні көрсетілген колумбарияның қуысын жауып тұратын тақта.

3.13 **Жерлеу орны:** Қайтыс болғандардың денесін (сүйегін) көмуге, крематориямен басқа да қайтыс болғандарды көмуді жүзеге асыруға арналған ғимараттар мен құрылыстар этикалық, санитарлық және экологиялық талаптарына сәйкес болады. Көму орны мәдени-тарихи нысандарға жатуы мүмкін.

3.14 **Жерлеу салты:** Жерлеуге сәйкес жүзеге асырылатын салт.

3.15 **Мүрде:** мәйіттің ыдырамаған қалдықтары [2].

3.16 **Тұғыр:** қоштасу рәсімі кезінде табытты орнату үшін қоштасу залындағы стационарлық үстірті.

3.17 **Күл:** Кремделген сүйек (күл).

3.18 **Жерлеуді тіркеу:** Тіркеу кітабында қайтыс болғанды жерлеу туралы жазба қайтыс болу туралы куәлігі мен жерлеуге арналған есеп-тапсырыстың негізінде зират конторасында жүзеге асырылатын және қайтыс болғанның тегі, аты, әкесінің аты мен зираты, қайтыс болған күні мен жерлеу күні, аудан нөмірі, дененің (сүйектің) көмілген орны, зиратқа жауаптының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілетін жазба болады.

3.19 **Сектор:** Зират аймағының бөлігі көгалды егу аймағына бөлінуі мүмкін жерлеу учаскелерін орналастыруға шектелген жол.

3.20 **Қайтыс болу туралы куәлік:** Қайтыс болған фактісі мен өлу себебін және мемлекеттік статистикаға қайтыс болу себебінің ақпарат көзі болатын және жерлеуде құжаттарды рәсімдеуге негіз болып табылатын куәландыратын медициналық, заңды және есептік құжат. Қайтыс болу туралы куәлік медициналық (дәрігерлік) немесе мемлекеттік құжат болуы мүмкін.

3.21 **Сағана:** Жерге жер асты немесе жерге тереңдетілген көмуге арналған ғимараттың бөлігі немесе құрылысы.

3.22 **Жерлеуді орналастыру орны бойынша санитарлық және экологиялық талаптар:** Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес анықталатын талаптар қала немесе ауылды, гидрологиялық сипаттаманы, жергілікті рельеф ерекшеліктерін, топырақтың құрамын, қоршаған табиғи ортаға жеткілікті экологиялық жүктеме есебімен.

3.23 **Аза:** Жақын адамды жоғалтқан кезде бастан кешіретін тұрмыстық шектеулер мен психологиялық уайыммен байланысты мінез-құлықтың түрі.

3.24 **Эксгумация:** Мәйіт қалдықтарын қабірден алып шығу [5] .

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы ережелер жинағы зираттарды жобалау, халыққа салтты қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен қалалық және ауылдық елді-мекендерде зиратты ұстау барысында ұсынылады.

4.2 Жерлеудің қызметтерімен айналысатын мекемелер мен кәсіпорындарға, зираттың елді-мекендердегі халықтың санына байланысты, жер учаскелерін

ҚР ЕЖ 3.02-141-2014

есептеуді, ҚР ЕЖ 3.01-101, ҚР ҚБЖ 1.04-05 және осы ережелер жинағы бойынша жүргізу ұсынылады.

4.3 Зираттар кез келген елді-мекендерде ұйымдастырылуы мүмкін.

4.4 Зираттың аймағын меңгеру мен онда ғимарат пен құрылыс салу, бекітілген белгіленген тәртіпте дайындаған жоба арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

4.5 Жерлеу қызметтерімен айналысатын ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға, жерлеуге байланысты, сонымен қатар жерлеу қажеттіліктеріне керекті ассортименттермен, халыққа кешенді қызмет көрсету ұсынылады.

4.6 Зираттың иелері (заңды немесе жеке тұлғалар) жер учаскелерін бұрмалау, жобалық құжаттаманы әзірлеу мен оны сараптау, құрылғылау, техникалық жарықтандыру, зираттың ұсталуын бақылауды қамтамасыз ету ұсынылады.

Осы ережегер жинағын басшылыққа ала отырып, зиратты ұстау бойынша жұмыс режимін анықтауын дайындау, техникалық қауіпсіздік пен зиратта жұмыс істейтіндердің өндірістік санитария талаптарын анықтау және сақтау үшін, керекті құжаттар дайындау ұсынылады.

5 ЗИРАТТЫҢ ЖОБАЛАУ ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

5.1 Зираттың жобалық құжаттамасының құрамына құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келесі бөлімдерден тұруы керек:

- жалпы түсіндіру жазбасы;
- топографиялық, геологиялық және гидрогеологиялық жазба;
- технологиялық бөлім: жерлеу санын (тығыздығын) есепке алу, пайдалану қызметінде қажеттілікті, механизмін есепке алу;
- учаскенің басты жоспары: тік жоспарлау, жерлеудің негізгі аймағын орналастырумен бірге аббаттандыру, құрметті жерлеу аймағы, әкімшілік-шаруашылық, шығу аймағының аймағы;
- архитектуралық-құрылысты бөлім;
- санитарлық-техникалық бөлім;
- электротехникалық бөлім;
- жинақты смета (қажеттілік барысында).

Ескертпе –Жобалау кезеңіне арналған жобалау-жұмыс жобасының бөлімі, тізімі келтірілді.

5.2 Жоба, сараптаманың оң қорытындысының негізінде, белгіленген тәртіппен бекітіледі.

6 ЗИРАТТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТЕЛІМІН ТАҢДАУ

6.1 Зиратты орналастырғанда, қалалық және ауылдық елді-мекендердің дамуын және басты жоспарларын, зиратты жапқаннан кейін, аймақты қолдану мүмкіндігін есепке алып қоғамдық пайдалануға берілетіндей етіп қарастыру керек.

6.2 Зиратты қаланың немесе басқа да елді-мекеннің сыртқы аймағында орналастыру ұсынылады.

Зираттың санитарлық-қорғаныштық аймағын, тұрғын үй құрылысы мен демалу аймағынан зиратқа дейінгі қашықтық кемінде 500 м санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болуы қажет.

Жобаланатын және қолданыстағы зираттың санитарлық-эпидемиологиялық аймағында, тұрғын үй мен қоғамдық орындар салуға болмайды.

Сумен жабдықтаудың қайнар көздері - құдықтар, каптаждар және басқа да орталықтандырылған шаруашылық-ауыз суға арналған аймақтарда, осы қайнар көздердің көлемі, зират орналасқан жердің жоғарғы жағында болса, санитарлық-қорғау аймағының арасын, зират пен халық тұратын жердің арасы, 500 м қабылдау керек.

Егер зират, сумен жабдықтайтын топырақтық ағындардың төменгі жағында болса, құдықтар мен басқа да топырақтық суды қолданатын ауылдық елді-мекендерде, зират пен халық орналасқан жердің санитарлық-қорғау аймағының арасы 100 м дейін қысқарту ұсынылады.

6.3 Зираттағы жер учаскесін бұрмалау, жаңа зиратты жобалау құрылғылары, сонымен қатар қолданыстағыны зиратты кеңейту мен қайта салу үшін, жоба жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық және басқа да мүдделі қызмет саласымен келісілуі керек.

6.4 Зиратты орналастыруға болмайтын аймақтар:

- сумен жабдықтау, минералды тыңайтқыштар, бірінші және екінші курортты санитарлық қорғау аймағының қайнар көздері;
- қатты жарық жерлердің жер бетіне, сулы қабаттары бар орындардағы, шығуы;
- халықтың шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктеріне, шомылуға және басқа да мәдени-сауықтыру шараларына арналған халық қолданатын теңіз, көл, өзен және басқа да суларда.

6.5 Зиратқа арналып бұрмаланған телім, әдетте, келесі ұсынымдарды қанағаттандырады:

- а) шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін қолданатын халық орналасқан жерден ашық және су жағаларынан қарама-қарсы жаққа қарай бағытта болу;
- б) сырғанау мен опырылу болмау;
- в) тасқын кезінде су басып кетпеу;
- г) телімде жер бетінің, топырақтық судан кем дегенде 2 метрлік жоғары тұру барысында, болуы керек.

Ескертпе – Зиратқа арналып бұрмаланатын осы талаптарды қанағаттандыратын телімдердің болмауы кезінде дренаждау ұсынылады.

д) жеткілікті ауа өткізгіш және тез кебуді қамтамасыз ететін құрғақ көпіршікті құм болуы керек (құмды, балшықты және т.б.), торфты жерлі және ауыр балшықты телімдерден аулақ болуы керек;

е) ыңғайлы көлік өтетін жерлер құрылысы мүмкіндігіне ие болу.

6.6 Зиратты, тікелей көліктік қозғалысқа жақын жерге салуға болмайды. Мұндай жағдайда зиратқа кіру мен одан шығу кезінде бөлек жолды қарастырған жөн.

6.7 Зиратты қаламен, немесе қызмет көрсететін ауданданмен байланыстыру үшін қалалық қоғамдық көлікпен қаптамасыз ету керек, немесе зиратқа кіретін жерде қоғамдық көлік тоқтайтын жабық павильон болуы керек.

7 ЗИРАТ АУМАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АЙМАҚТАНДЫРУ

7.1 Өтетін жол, жерлеу телімі, шаруашылық аймақ, инженерлік коммуникациялар - зираттың негізгі элементтері болып табылады.

Өтетін жол, қолданыстағы көліктік магистралды зиратпен байланыстырады.

Өтетін жол екі жақты қозғалысқа есептеледі. Өтетін автожолдың біліктілігі мен негізгі белгілері, қозғалыстың есептелеуімен (көлік/тәулік) анықталады.

7.2 Зират телімінің көлемі, осы ереженің 3.1 тармағына сәйкес, дәстүрлі жерлеу зиратының ауданы 1000 адамға - 0,24 га есебінен анықталады. Жерлеу ауданы, әдетте, зираттың жалпы ауданынан 65-75 % құрайды.

Зираттың аймағын келесі аймақтарға бөледі:

1) азалы салтанатты шерудің кіруі мен шығуы, келушілерге арналған кіретін жер, зираттың жоспары бар стенд, кіру аймағы;

2) азалы салт ғимараты, немесе азалы салтанатты өткізу алаңы орналасқан азалы салтанатты аймақ;

3) әкімшілік-шаруашылық аймақ, бұл үшін бөлек шығатын жер қарастыру қажет;

4) жерлеу аймағы.

Жобада мыналарды қарастыру ұсынылады:

1) жерлеу мен оларды пайдалану кезектілігіне арналған учаскелерді (аудандарды) бөлу;

2) жолдар, жүргінші жолдары мен оларды аббаттандыру;

3) орналастыру мен көгалдандыру сипаты;

4) зират ғимараты мен құрылысты функционалдауға арналған қажетті құрылыстар (әкімшілік-тұрмыстық ғимарат, кіретін орын, қоштасу салтын өткізуге немесе азалы алаңға арналған ғимарат, гүлдерді сататын ғимарат, қоғамдық дәретханалар, суқұбыры желісі немесе суға арналған бактар, инвентар мен басқада заттарға арналған ғимарат);

5) зиратты көгалдандыру (зираттың белгісі бойынша және негізгі аллеясы мен жерлеу орындары бойынша, декоративті егістіктерді жеткілікті желдету мен суаруды қамтамасыз ету). Жасыл егістіктерді егу алаңын зираттың жалпы ауданының 20 % на дейін қабылданады.

Ауылдық зиратты құрылдау барысында талаптардың «1», «2», «3», «5», сонымен қатар зиратты көрсетілген талаптардың «4» тармақшасына сәйкес, зиратты қоршау және қоғамдық дәреткана салу, міндетті түрде орындау ұсынылады. Зираттың ішкі ауданын жарықтандыру және конторасын салу міндетті болып саналмайды.

7.3 Зираттың аймағын жердің жоғары қабатындағы су жылдам кеуіп кететіндей етіп, қоршау ұсынылады.

7.4 Қалаларда, өнеркәсіптік орталықтарында және басқа елді-мекендерінде зиратқа кіру алдында автомобильдік көлік тұратын тұрақ қарастыру қажет.

8 ЗИРАТТАРДЫҢ ТЫҒЫЗДЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

8.1 Тығыздықтың есебін бір жерлеу телімінің ауданының есебімен алған дұрыс.

8.2 Әр бөлек жерлеуге арналған учаскенің ауданы зират пен топырақтың сипаты есебімен 5,4 м² кем емес, бірақ 8,1 м² көп емес деп қабылдау ұсынылады.

8.3 Зиратты жобалау, бөлінген жер телімінің ауданына сәйкес жүргізу керек.

8.4 Жерлеу аймағының аумағын бөлімшелер-аудандарға жол желілері арқылы бөлу қажет.

8.1-кесте - Жобаларда келтірілетін көрсеткіштердің атауы

Жобада келтірілген көрсеткіштердің атаулары	Өлшем бірліктері
Зират телімінің ауданы	Га
Шаруашылық аймағын алып тұрған аудан	га
Жерлеу аймағының ауданы (жолдың есебімен)	га
Тікелей жерлеуге арналған телімінің ауданы (жолдың есебінсіз)	га
Бір жерлеуге арналған аудан	м ²
Жерлеу саны (тығыздығы)	мың. бірлік

9 ЗИРАТТАРДЫҢ ЖОЛ ЖЕЛІСІ

9.1 Әр жерлеу бөлімінің өтетін жолдарын табытты қолмен ұстап жүрмейтіндей етіп жобалау қажет.

9.2 Жүретін жолдың бөлігінің ені мәнсіз көліктік қозғалысты есепке ала отырып, біржолды қозғалыстың, яғни 3,5 м есебінен қабылдау ұсынылады.

9.3 Көліктің өтуге арналған орындарды жолдың қиылысына және бұрылыстың қолайлы қайрылуға болатының қарастыру керек.

9.4 Құрметті жерлеу зираттарын орналастыру қарастырылған жерде, басты жол мен аллеялардың өтетін жолының бөлігінің ені 7,0 метрге дейін, ал ірі қалаларда – 9,0 метрге дейін жобалау ұсынылады.

9.5 Аяқжолдар, басты аллеяларда, ені кемінде - 1,5 метр, ал басқа да жолдарда кемінде 0,75 метр болуы керек. Аяқжолдың тұрлаулы жолдарында жүретін бөліктің бір жағынан, немесе өтетін жүргіншілердің екінші жағынан жобалау керек. Атмосфералық ағын мен жол шетті ойларға, сулардың ағындарын қамтамасыз ететін жолдар мен аллеяларға көңіл бөлу керек..

9.6 Жолдар мен аяқжолдардың жабындарын келесі түрлерде ұсынылады:

- ірі қалалардағы басты аллея мен жолдардағы зираттарда - асфальтобетон немес бетонды плиталар, тұрлаулы жолдарда - жерлі;

- шағын қалалар мен ауылдардағы басты аллеялар – асфальтобетон немесе жақсы жер қоспасымен жасалған, ал тұрлаулы жолдар - жерлі профильденген, немесе іріленген газондық шөптерден себілген болуы мүмкін.

10 ЗИРАТТАРДЫҢ АУМАҒЫН КӨГАЛДАНДЫРУ

10.1 Көгалдандыру, егуді орналастыру мен сипатын өсімдіктің және топырақты-климаттық жағдайларға сәйкес жүзеге асыру керек. көгалды егу кезінде, зираттың жалпы аймағының 20% қамту қажет.

10.2 Жаңа зираттарды көгалдандыру, құрылыс жұмыстарының жалпы кешеніне кіретін орнынан басталады және нысанды пайдалануға беру, немесе құрылыстың белгілі бір кезеңін бітірумен аяқталады.

10.3 Көгалдандыруды жер беті мен жер астындағы құрылыс аяқталған соң ғана орындау қажет.

10.4 Аймақты инсоляциялау мен желдетуді қамтамасыз ету үшін, ағашты егу қалыңдығы 1 га 170-250-ден аспауы керек, ал бұтарқтар – 2000-2500 дана.

10.5 Ағаштар мен бұтақтардың, гүлдік өсімдіктер мен көгалды шөпті ассортименттерін таңдауда, топырақты-климаттық және климаттық ауданның жағдайларына қарау керек. Барлық жағдайларда жергілікті ортаға мән беру керек.

10.6 Көгалдандырудың жалпы ауданынан 30% дейін көгалды орнату керек.

Жақсы сапалы көгал (серіктестік тип) аса жауапты - кіретін және азалы салтанатты аймақтарда орнату қажет. Қалған аймақта бағбандық типтік көгалында қарастырылады.

10.7 Қаралы салт аймақтарын және кіреберіс аймақты салтанатты түрде рәсімдеу ұсынылады. Көгалдандыру элементтері және олардың орналасуы жүйелі және де еркін сипатқа ие болуы мүмкін. Келушілердің қозғалуының және аймақтар бойынша бөлінуінің негізгі бағыттарын, жасыл көшеттер құралдарымен айқындап, жүзеге асыру ұсынылады.

10.8 Кіреберіс аймақ пен қаралы салт аймақтарын көгалдандыру үшін, А қосымшасына сәйкес, көшет материалдарын қолдану ұсынылады. Көшеттердің жалпы көлемінің 60% дейін қылқанды түрлер ұсынылады.

10.9 Ауданды жол желілеріне бөлінген, жерлеу аймақтарын көгалдандыру ағаштар мен бұтақтарды жіктеп егуді, аудандардың белгілері бойынша топтармен егу орындалады.

10.10 Жерлеу телімдерінде, азаматтардың еккен ағаштары көгалдандыру жобасына сәйкес ғана жасалады.

10.11 Әкімшілік-шаруашылық аймағын көгалдандыру, оны басқа аймақтан алшақтатып, келесі қабылдаулармен орындалуы керек:

- барлық құрылыс пен жол учаскелерінен бос жерлерде көгалды орнату;
- бұтақтардан шаруашылық алаңдарын қоршау;
- оралатын өсімдіктермен бөлек құрылыстарды декорлау;
- ішкі аулаларда, ағаштардың төменгі формаларын егу.

10.12 Әкімшілік-шаруашылық аймағын, қылқанды тектес өсімдіктермег 10% артық егу көлемінен асырмаған жөн.

10.13 Зираттың периметрі бойынша, көгалды қорғау аймағы, ені 10-20 м, қалың егу сызығымен анықталуы керек. сызықтың минималды енін 2 қатар ағаштар мен бұтақтардан құрау керек.

10.14 Қалың егістікте орналасқан зираттың аймағын қоршау үшін, бұтақтардан алынған тірі өсімдіктерді қолдану керек.

10.15 Көгал өсімдіктерін жиі суғарып отыру қажет. Суғару нормалары мен мерзімін жергілікті климаттық шарттарға сәйкес орнату керек.

11 ЗИРАТТАРДЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУҒАРҒЫШ СУ ҚҰБЫРЫ

11.1 Зираттың аймағында орналасқан сумен жабдықтау ғимараты, қалалық су құбыры немесе зираттың аймағына жақын орналасқан ұңғыманың желісіне қосылады. Ұңғыма, жерлеу орнынан 100 метрден кем емес қашықтықта, топырақтардың қасиетін филтрлеу мен ұңғымадан топырақты сулардың қозғалысының бағытын есепке ала отырып келтіру қажет.

11.2 Зираттың аймағын суғару құралымен жабдықтайды. Суғарудың келесі әдістерін қолдану ұсынылады:

- жүретін жерлерді шектейтін көгалды суғару машинасымен суғару;
- әртүрлі типті жаңбырлы аппараттың көмегімен көгалды учаскелерді суару;
- жазғы кезеңде, желіден келушілердің гүлдерін суғару;

11.3 Зираттың аймағы бойынша қалалық (ауылдық) шаруашылық-ауыз судың магистралды желілерін салуға тыйым салынады.

12 ЗИРАТТАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУЫ МЕН ӘЛСІЗ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

12.1 Зираттың сыртқы қоршауын жарықтандыру келесі аймақта қарастыру ұсынылады:

- кіретін аймақта (қоғамдық көліктің тоқтайтын орында), шығатын жерде және азалы салтанатты шеру шығатын жерде, келушілердің келетін және шығатын орындарында, автокөлік тұрағында);

- азалы салтанатты аймағында;
- әкімшілік-шаруашылық аймағында;
- жерлеу аймағы, басты аллея мен негізгі жолында.

12.2 Шағын қалалар мен ауылдардағы зираттарда, 0,2 люкс ш.м. нормалары барысында басты аллеяны жарықтандырған жөн.

12.3 Жарықтандыру лампаларының көмегімен өтетін жерде, немесе аллеяда, шетінен 1 м дейін, бір жағынан, жарықтандыру бағаналары орнатылады. Бағаналардың (тіректердің) арасының қашықтығы 40-50 м қабылдау ұсынылады.

12.4 Зираттарды пайдалану мен жөндеу және электрлік орнатуларға қызмет көрсетуді нормалардың талаптарына сәйкес жасау керек.

12.5 Зираттың телефонизациясы мен радиофикациясылауды тұрақты персоналдың қызметтеріне байланысты жүзеге асырылады.

13 ЗИРАТТАРДЫ ҚОРШАУ

13.1 Зираттың аймағын қоршау қажет. Әдетте, қаладағы зираттарда, биіктігі 1,5 м 2,0 м дейін жергілікті құрылыс материалдары, немесе типтік темірбетонды құрылымдардан орындалатын ұзақмерзімді қоршаулары болуы керек.

Ауылдық жерлерде ағаш және бұтақ тектес өсімдіктерден, жылына бір рет ағаш шарбақпен қоршау рұқсат етіледі. Тірі ағаш шарбақты қию, жылына бір рет көктемде жасалауы керек.

13.2 Азалы процестің кедергісіз өтуін қамтамасыз ету үшін, ені 4,5-5,0 м қақпа жасауға болады.

13.3 Ауданы 20 гектардан асатын зиратта бірнеше кіретін жерлер (орталық және қосымша) болуы мүмкін.

14 ХАЛЫҚҚА САЛТ (ЖЕРЛЕУ) ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

14.1 Жерлеу қызметтерімен айналысатын арнайы кәсіпорындарға (арнайы кәсіпорындар), келесі міндеттер жүктеледі:

- жерлеумен байланысты қызмет көрсетудің барлық түрлерін ұйымдастыру;
- жерлеуге қажетті құрылыстарды (ғимараттарды), кәсіпорындарды, көліктерді және т.б. пайдалану;
- жерлеуге қажетті өнімдер мен қызметтерді ұсынуға, қажетті өнімдерді дайындайтын ұйымдар мен жеке тұлғалармен шарт жасау;
- жерлеу орындарын аббаттандыруды, мүдделі ұйымдармен, жобалау келісімі бойынша беру;
- зираттарды пайдалану, қоғамдық пайдалануға жататын бөлек зираттарды қорғау мен күту.

14.2 Жерлеу қызметтерін көрсететін кәсіпорынның ғимаратында көруге арналған келесі ақпараттар болуы тиіс:

- ұсынылатын қызметтердің тізімі (Б қосымшасы);
- қабылдау ережесі мен тапсырыстарды орындау;
- жерлеуге арналған бұйымдарының үлгілері көрсетілген витриналар, немесе альбомдар;
- жұмыс тәртібі, тапсырыстарды қабылдау мен олардың құны туралы ақпарат.

14.3 Арнайы кәсіпорынның жұмыс тәртібі қалалық, немесе ауылдық Әкімнің келісімімен орнатылады.

14.4 Арнайы кәсіпорындардың жерлеуге арналған заттар мен соған ұқсас тауарларды алуға мүмкіндігі болуы керек, арнайы автокөлікпен, оркестрпен қамтамасыз етілуі қажет.

Агенттік қызметі агенттермен жинақталады – қайтыс болғанның қалауы бойынша және оларды алмастыратын ұйымдардың қалауы бойынша, барлық міндеттер мен операциялардың өтуін қамтамасыз ететін және басқа зиратқа көшіруді қамтамасыз ету жұмыстары орындалуы керек (В қосымшасы).

Көліктік орталықты (қызмет көрсететін) қажетті арнайы көліктер – автокатафалктармен қамтамасыз ету ұсынылады. Мұндай автокатафалктармен жабдықталған қарапайым автобустар (жол полициясының рұқсатымен) оларға табытты орнатуға, автобустың қабырғасының қыр жағында, отыратын орындықтарды да қарастырған жөн.

Автокатафалканың қорабының жанында азалы қара түсті сызық болуы керек.

Жол полициясының рұқсатымен ашық жабдықталған автокатафалк, жүк машинасының базасында, қолдануға болады.

15 ЗИРАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҰСТАУ

15.1 Жалпы ережелер

15.1.1 Зираттың әкімшілігінде, зираттың кіреберісіне тұрақты жалпы көруге болатын міндетті түрде мынадай ақпараттар болуы керек: зираттың жұмыс тәртібі, келушілерге арналған ереже, зираттың жоспар-схемасы.

15.1.2 Қайтыс болғандарды жерлеу, әдетте, қолданыстағы зиратта жүзеге асырылады.

15.1.3 Қайтыс болғандарды жерлеуді жүзеге асыратын ұйыммен бекітілген уақытта өткізу керек..

15.1.4 Жерлеуді, қайтыс болғанын растайтын, қайтыс болу туралы куәлігі берілгеннен соң ғана жүргізу керек.

15.1.5 Қайтыс болғанды жерлеуді, қайтыс болғаннан кейін кем дегенде 24 сағаттан кейін жүргізу керек.

Ескертпе – Қайтыс болғанды жерлеу, егер сүйек патологиялықанатомиялық ашуға немесе соттық-медициналық зерттеуге ұшыраса, онда ерте жерлеуге рұқсат етіледі.

15.1.6 Жерлеуді жүзеге асыратын әкімшілік органының, адамның қайтыс болғаны туралы куәлігінің негізінде, жүзеге асыру керек және зиратқа тіркеу нөмірі беріледі.

Тіркеу кітабында келесі мәліметтер толтырылады: жылы, айы, көму күні, зират нөмірі, қайтыс болғанның аты, тегі, әкесінің аты, қайтыс болу себебі, қайтыс болу куәлігі кімнен және қашан берілгені туралы, қайтыс болғанның жақындары мен туыстарының мекен-жайы көрсетіледі (Г қосымша) [6]. Тіркеу кітабында көрсетілетін, туыстарына немесе жерлеуге жауапты ұйымдарына, қайтыс болушы туралы – аты, тегі, әкесінің аты, күні, уақыты көрсетілген куәлік беріледі (Д қосымша).

15.1.7 Жерлеу орны, зираттың бас жоспарының сызбасына сәйкес зираттың әкімшілігімен жүргізіледі.

Зиратты құрылғылау, табытты түсіру, оны көму жерлеу кезінде, жерлеуді жүзеге асыратын органның міндеті болып табылады. Туыстардың немесе басқа да тұлғалардың күшімен жерлеу жұмыстарын орындау, жерлеуді жүзеге асыратын органның әкімшілігімен бірге жүзеге асырылады.

ҚР ЕЖ 3.02-141-2014

Жерлеуді жүзеге асыратын органның әкімшілігінің, қоршау және табытты ескерткіш орнату, тағы басқа да қызметтерді атқаруға мүмкіндігі болуы керек.

15.1.8 Қайтыс болушыны тасымалдау мен ауыстыру, жерлеу табытта жүзеге асырылады (бөлек жағдайларла мырышпен қапталған табыттың ішінде дәнекерленген күйде).

Ескертпе – Қайтыс болғанды отырған күйінде жерлеу барысында оларды жерлеу орны бойынша арнайы тасығышта, ал тасымалдауды ұсынылатын жерлеу орнынан алыс жерге – табытта жасайды.

15.1.9 Жұқпалы аурулардан қайтыс болғандарды немес көліктік апаттан болған жағдайда, сүйекті жинау мүмкін болмаған жағдайда, сүйекті жабық табытта апару керек.

15.1.10 Қайтыс болғанды жеткізуді рәсімдеу үшін, жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының, қайтыс болғаны туралы куәлігінің негізінде, берілетін рұқсатын алу қажет (қайтыс болған жері бойынша).

Қайтыс болғанды, басқа қаланың, ауданның, жерлеу ауданына жеткізу, сәйкесті көліктік кәсіпорынның келісімі барысында, кез келген көлік құралдарымен апаруға болады.

Тасымалдау алдында мәйіт ұзақ мерзімді сақталу үшін мәйітті бальзамдау және ылғал сіңіргіш материал (ағаш ұнтағы, ұсақ ағаш қиқымдары және т.б.) толтырылған, қалайыланған, тығыздалып дәнекерленген табытқа салу ұсынылады. Сонан соң табытты жүк бөлімінде тасымалдауға арналған жәшікке орналастыру қажет. Тасымалдаған жағдайда марқұмның жантәсілім еткен сәтінен жерленгенге дейінгі аралықтағы уақыт 5 тәуліктен көп болмауы тиіс.

15.1.11 Мәйітті тасымалдауға тыйым салынады, егер өлімнің себебі аса қауіпті жұқпалы аурулардан (оба, тырысқақ, шешек, күйдіргі, алапес және т.б.) болса, сондай-ақ тыйым салу жағдайларын патологоанатом анықтаған болса (мәйіт қатты бұзылса, қазаның себебі көлік апаты салдарынан және т.б. болса).

15.1.12 Жерлеу үдерісі мен қайтыс болғаның сүйегін минералдау үдерісін тездету үшін, мақсатты түрде ағаш табытта, осы ереженің 15.8, 15.9, 15.10 тармақшаларына сәйкес жүргізу керек.

15.1.13 Марқұмның сүйегін қайта жерлеуге кемі үш жыл өткеннен кейін бұзылу және минералдану үдерістері баяулаған шикі топырақтарда және жерленген мезгілден кемі бір жыл өткенде жол беріледі. Қабірден сүйек қалдығын эксгумациялауды (шығару) мүмкіндігінше жылдың салқын кезінде күндізгі уақытта, коммуналдық шаруашылық органдарының, полицияның және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жергілікті мекемесі өкілдерінің қатысуымен жүргізген дұрыс.

Сүйекті эксгумациялау мүмкіндігі жөнінде қорытынды, арнаулы кәсіпорындардың басқа орынға жерлеуге, көлік ұйымдарының тасуға рұқсат еткен құжаттары ұсынылған жағдайда және емдеу мекемесінің өлім себебі туралы анықтамасын жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары береді.

Елді-мекендердің әкімдері мәйітті қабірден алуға және оны басқа жерлеу орнына тасымалдауға рұқсат беріледі.

Мәйіттерді тасымалдау осы ережелердің 15.1.10, 15.1.11. тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Ескертпе – Жоғарыда көрсетілгендер ережелердің ішінен ерекше жағдайларла, жиі сүйектерге эксгумация жасау, тергеу органдары мен прокуратура және т.б. талаптарына сәйкес жасалады.

15.1.14 Сүйектерін алғаннан кейінгі зиратты дереу жоғары жағын топырақпен жабуы керек.

15.1.15 Туыстық зираттан, қайтыс болғанның сүйегін басқа зиратқа жерлеу үшін алу рұқсат етілмейді. Шектеу, тек барлық қайтыс болғандардың сүйектерін алу барысында, жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының келісімімен, рұқсат етіледі.

15.1.16 Қайтыс болғанның табылған денесін (қайтыс болғанның бөлек мүшелерін, суға батып кеткендердің, үйден тыс қайтыс болғандардың және т.б.) және соттық-медициналық сараптамадан кейін мәйітханада, туыстарының немесе тұлғалар мен мекемелердің адамдары болмағанда, болғандардың қайтыс болғанын, жерлеуден кейінгі тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган ұйымдастырады.

Бұл жағдайда денені жерлеу, елді-мекендердің әкімімен анықталатын, осы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

15.2 Зират құрылғысы

15.2.1 Әр адамды бөлек жерлеу үшін, осы ереженің 5.2 тармағына сәйкес, жер бөлінеді. Зираттың ұзындығы 2,2 метр, ені 1 метрден кем болмауы керек.

Егер жергілікті дәстүрге байланысты зираттың өлшемдері 2,2 x 2,0 м жерлеу телімінің ауданы, осы норманың 8.2 тармағына сәйкес, 8,1 м² қабылданады. Қайтыс болған балаларды жерлеу барысында зираттың көлемі кішірейеді.

Жерлеу телімінің арасындағы қашықтық, ұзындық жақтарымен 1,0 м, ал қысқаша жақтарымен 0,5 м дейін болып қабылданады, бірақ зираттардың арасындағы қашықтық 1,0 м кем болмауы керек. Зираттың тереңдігі топырақтың сипаты мен ағынды сулардан байланысты болады, бірақ жердің бетінен табытқа дейін 1,5 м кем болмауы керек. Барлық жағдайларда зираттың түбі 0,5 м топырақтық сулардан жоғары орналасуы қажет. Аса қауіпті аурулардан қайтыс болғандардың зиратының тереңдігі 2 метрге дейін болады. Бұл жағдайда, зираттың түбі 10 см хлорлы әкті қабатпен жабылады.

Әр зираттың үйіндісінің биіктігі 0,5 м болуы керек.

Үйме зираттың шетінен асып тұруы керек. Ол зират бетін ағынды сулардан қорғау үшін үйіледі. Жерлегеннен кейін әр зираттың басында металлды тақта орнатылуы керек (тіркеу нөмірі).

Ескертпелер

1 Жерге қайтыс болушыны отырған күйінде жерлеу барысында тақтасының көлемі зираттан 1 м кем емес болуы керек;

2 Крематорияларды салу барысында, зиратта қажеттілік туындағанда, жерлеуге арналған салғыштың көлемі бір салғышқа 1-1,2 м², ал салғышты жерге көму кезіндегі көлемі – 0,02 га 1000 адамға ғана болады;

3 Қайтыс болғанның сүйегін сағаналық ортада жерлеуге болмайды. Бөлек жағдайларда, жергілікті дәстүрлерге байланысты - отбасылық жағдайларда, жерлеу металлды (мырышпен қампталған) герметикалық табытта орналастырады.

ҚР ЕЖ 3.02-141-2014

4 Еуропа елдерінде мола заңнамасының негізгі ережелерінің сұлбаларына сәйкес қызмет көрсетілетін [7], (Ж қосымшасы), мола телімдерінің түрлі типтері пайдаланылады [7] (Е қосымшасы).

15.2.2 Бауырлас зираттарды жабдықтау, әдетте, қажет емес. Тек ерекше жағдайларда ғана жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келесі ережелерді келісу керек:

- 1) бауырларының зираттарындағы табыттардың арасы 0,5 м кем болмауы керек;
- 2) екі қатарға жерлеу барысында, жоғары жағын төменгі жағынан 0,5 м кем емес аралықта қою керек;
- 3) жоғары қабаттағы табыттарды төменгі қатардағы табыттардың арасындағы ашық орындардың үстінде қалдыру керек;
- 4) екі қатарға жерлеу барысында бауырлас зираттардың тереңдігі 2,5 м кем емес және зираттың түбі топырақты сулардан 0,5 м кем емес жоғары болуы қажет.

15.2.3 Қолданыстағы және жабық зираттарда, сүйектерді, келесі жағдайдардан басқа жағдайларда, қайта жерлеуге рұқсат берілмейді:

- 1) зираттың немесе оның метінің уақытынан бұрын жою;
- 2) сүйектерді, республикадағы, немесе одан тыс басқа жердегі зираттарға ауыстыру барысында, тасымалдау.

